# Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

2 ШІЛДЕ СЕНБІ 2016 жыл №98-99 (19184-19185) ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ www.syrboyi.kz


● ПРЕЗИДЕНТ

**Мемлекет басшысы Индустрияландыру бағдарламасының 2016 жылғы І жартыжылдықтағы жүзеге асырылу қорытындыларына арналған кеңеске қатысты.**

# ЕКІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚТАҒЫ ЕКПІНДІ ҚАДАМДАР

Елбасы іс-шара алдында тамақ өнеркәсібі мен жеңіл өнеркәсіптің және фармацевтика өндірісінің халық тұтынатын тауарларымен танысып, «Қазақстанда жасалған» атты көрмені аралады.

Жалпыұлттық телекөпір аясында Индустрияландыру картасының бірқатар жобалары іске қосылды. Бұдан бөлек, істеп тұрған өндірістердің жұмысы таныстырылды.

Кеңеске қатысушыларға арнаған сөзінде Нұрсұлтан Назарбаев телекөпір арқылы іске қосылған өнеркәсіптер ел экономикасының дамуына өз үлесін қосуы тиіс екенін атап өтті.

– Индустрияландыру – жаңа экономикалық ахуалдағы біздің жұмысымыздың басты бағытының бірі. Осыдан 6 жыл бұрын елдің индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын үдетуді бастаған болатынбыз. Осы уақыт ішінде өнеркәсіптің өңдеу секторында мыңнан астам кәсіпорын іске қосылды. Қазақстанда бұған дейін өндірілмеген 500-ге жуық өнімнің мүлде жаңа түрлері шығарыла бастады. 200 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды, – деді Қазақстан Президенті.

Елбасының айтуынша, индустрияландыру бағдарламасының басты нәтижелерінің бірі өңдеуші салалардың оза дамуы болды.

– Өсім қарқыны бойынша өңдеу өнеркәсібі тау-кен өндіру секторын 1,4 есе басып озады. Осылайша экономикамыздың құрылымы жақсаруда. Қазақстанның өңдеу өнеркәсібі оң нәтижелер көрсетуін жалғастырып отыр, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті индустрияландырудың екінші бесжылдығын іске асырудың бастапқы кезеңі елдің ішкі өндірісі мен қазақстандықтардың әл-ауқатынан көрінетін әлемдік экономикадағы түйткілдердің көбеюі кезеңімен сәйкес келгенін атап өтті.

Осыған орай Мемлекет басшысы Индустрияландыру бағдарламасына тиісті өзгерістер енгізу қажеттігіне назар аударды.

– Баршамыз көріп отырғандай, ел экономикасы тауарларымызға деген сұраныс пен бағаның төмендеуі арқылы көрініс тапқан зор сыртқы қысымды сезінуде. Елдегі экономикалық белсенділік көп жағдайда ауқымды мемлекеттік инвестициялар арқылы қолдау тауып отыр. Сондықтан қазіргі кезде экономика өсімінің жаңа көздерін қалыптастыру қажет. Осыған байланысты, алдағы жылдары Үкіметтің күш-қуатын бірнеше экспортқа бағытталған басым салаларға шоғырландыру керек. Мысалы, олар өнеркәсіп саласында азық-түлік өнімдері өндірісі, металлургия, машина жасау, агрохимия және мұнай химиясы өндірісі болуы тиіс.



Қызмет көрсету саласында көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, инженерлік-техникалық қызметтер және туризмге назар аудару керек. 2025 жылы шикізаттық емес экспортты 2015 жылмен салыстырғанда 2 есе арттыруға қол жеткізу қажет, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Сонымен қатар, Қазақстан Президенті тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаларды мемлекеттік қолдау шараларымен қамтудың аясын кеңейту қажеттігін атап өтті.

Мемлекет басшысы жақсы нәтижелер болғанына қарамастан, индустрияландыру үдерісінде кемшіліктер де бар екенін айтты.

Қазақстан Президенті Дүниежүзілік сауда ұйымына кіргеннен кейін еліміздің алдынан ашылған мүмкіндіктер туралы айта келіп, Үкіметке қазақстандық тауарлар мен қызметтердің сыртқы нарықтарға шығуын қолдау жөніндегі шараларды әзірлеуді тапсырды.

Мемлекет басшысы қазіргі заманғы сарапшылардың көпшілігінің бағалауы бойынша, әлем өзгергенін және жаңа жағдайда өмір сүріп жатқанын, бұл кезде «ресурстар экономикасының» орнына «білім экономикасы» келетінін айтты.

– Бірінші орынға жаңашыл (креативті) және өнімділігі жоғары жеке бизнес шығып отыр. Қазір әлемде технологиялардың дамуы арқасында заттар интернеті, нано және биотехнологиялар, жаңа материалдар және тағы басқа жаңа мүмкіндіктерге жол ашылуда. Болжам бойынша, болашақта жаңа технологиялар ғана 30-дан 70 пайызға дейінгі ІЖӨ өсімін қамтамасыз ететін болады. Егер біз жаңа технологиялармен және инновациялармен айналыспайтын болсақ, бәсекелестікте табысты болмаймыз. Сондықтан, 2014-2015 жылдардың өзінде ғана ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстары 142 миллиард теңгеге қаржыландырылды. Әлемдік тәжірибе жоғары оқу орындары ғалымдар ғана емес, студенттер арқылы да әзірленетін инновациялық шешімдер орталығын қалыптастырушы болып табылатынын көрсетіп отыр, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Индустрияландыру бағдарламасын одан әрі жүзеге асыру жоспарын толықтыруға қосар бірқатар ұсыныстарын айтты.

– Біздің қызметіміздің басты мақсаты – халықты лайықты табыс деңгейімен қамтамасыз ете алатын жемісті түрдегі жұмыспен қамту ісі. Бұл үшін бізге бірқатар міндеттерді орындау керек, соның ішінде жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы жұмысты жалғастыру қажет. Халыққа, жастарға әсіресе ауылда өз ісін бастауға мүмкіндік беру керек. Бастапқы капитал алуды жеңілдетіп, шағын несие беру аясын ұлғайтқан дұрыс. Агроөнеркәсіп кешеніне айрықша назар аударған жөн. Бүгінде ол негізінен халықтың жеке үй шаруашылығынан тұрады. Өндіріс көлемі аз болғандықтан, олардың сақтауға, өңдеуге және өнімді өткізуге мүмкіндіктері жоқ. Олардың өнімдерін өңдеу және өткізуді қамтамасыз ету үшін осындай шаруашылықтар кооперациясын жеделдетіп дамыту қажет, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті халық табысының өсімін барлық мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырудағы негізгі басымдық ретінде қарастыру қажеттігіне айрықша назар аударды.

– Қымбат импорттық тауарларды отандық өнімдермен алмастыру керек. Үкімет пен Ұлттық Банк халықтың табысына тікелей әсер ететін инфляция деңгейін төмендетудің қамтамасыз етілуін қадағалауы қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев жерді суару және ирригация жүйесін қалпына келтірудің кешенді жүйесін әзірлеу қажеттігіне тоқталып, бес жылда 600 мың гектардан астам суармалы жерді іске жаратуға болатынын атап өтті.

Қазақстан Президентінің айтуынша, тағы бір маңызды міндет – таяу 15 жылда 1,5 миллион отбасын қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету.

– Бұл ретте қаржыландыру Тұрғын үй құрылыс-жинақ банкі мен Қазақстандық ипотекалық компания арқылы жүргізілуге тиіс. Барлық қаражатты шоғырландырып, арнаулы шарт жасалатын екінші деңгейлі банктер арқылы бағыттау керек. Мемлекет өзіне тек бақылау міндетін қалдыруы қажет. Сонымен қатар, болашақта жұмыс күші қозғалысының мобильділігін қамтамасыз ету үшін сатып алу құқығынсыз жалдамалы баспана берген жөн, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Нұрсұлтан Назарбаев барлық азаматтарды техникалық біліммен тегін қамтамасыз ету және инвестицияның макроэкономикалық тұрақтылығы мен өсімі үшін жағдай туғызу жөніндегі қойылған бұған дейінгі міндеттерді еске салды.

– Үкімет пен Ұлттық банк екінші деңгейлі банктердің шағын және орта бизнесті қаржыландыруына басымдық бере отырып, экономиканы несиелендіру көлемін қалыпқа келтіруі жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.

Үкіметке қолданыстағы бағдарламаларды, соның ішінде индустриялық бағдарламаны бүгін жүктелген міндеттерді ескере отырып қайта жаңартуды тапсырамын. Осы мәселенің бәрін Үкімет, Ұлттық банк және барлық жауапты ведомстволар 1 қыркүйекке дейін қарастырып, ол бюджетте ескерілуі тиіс, – деді Қазақстан Президенті.

Соңында Мемлекет басшысы жүргізіліп жатқан барлық реформалар еліміздің дамуы үшін жаңа сапалы жағдай жасауға бағытталғанын атап өтті.

Іс-шара барысында Инвестиция және даму министрі Ж.Қасымбек баяндама жасап, атқарылған жұмыстар мен Индустрияландыру бағдарламасының екінші бесжылдығын жүзеге асырудағы жаңа қадамдар туралы әңгімеледі.

● "БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ–2020"

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ЖАҢА КӘСІПОРЫНДАР ЖҰМЫСЫН ЖАНДАНДЫРДЫ

**Облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасы ұйымдастырған пресс-тур барысында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері «Бизнестің жол картасы - 2020» бизнесті қолдау және дамытудың бірегей бағдарламасы аясында қолдау алған қызылордалық кәсіпорындарды аралады.**




Журналистер ат басын тіреген алғашқы кәсіпорын «Retail A-A» ЖШС-ның «Нан өнімдері және кондитерлік цехы» болды. Ақпарат құралдары өкілдерін қарсы алған цех меңгерушісі Гүлнар Спанова нан өнімдерін дайындайтын кәсіпорын жұмысымен таныстырды. Жоба құны 34,5 млн теңгені құрайтын кәсіпорынның іске қосылған уақыты үстіміздегі жылдың наурыз айы. Цехта Чехия мемлекетінен алынған қондырғы орнатылған. Заманауи технологияға негізделген бұл қондырғы айына 75 тоннаға дейін нан өнімдерін шығарады. Атап айтқанда, нан, тоқаш және кондитер өнімдерінің 40-тан астам түрін дайындап, тұтынушыларға ұсынып отыр.

Цех меңгерушісі бүгінгі күні осы жерден шыққан өнімдер мекемеге қарасты 9 дүкенге, оның ішінде біреуі Жалағаш ауданында орналасқан, жеткізіліп жатқанын хабарлады. Ал жалпы алғанда қала бойынша 35 дүкенге тәулігіне екі мезгіл сапалы әрі дәмді нан, тоқаш және кондитерлік тағамдар өткізілуде. Цех өнімдері дүкендерге мекеменің өз автокөліктерімен жеткізілуде. Г.Спанова өз сөзінде цех құрылысына 15 адам тартылғанын, ал іске қосылғаннан кейін 35 адам тұрақты жұмыспен қамтылғанын жеткізді.

Осы орайда Қазақстан Республикасын индустриалды-инновациалық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылған «RetailA-A» ЖШС-нің «Нан және кондитерлік өнімдерін өндіру» жобасы «Өңірлік кәсіпкерлікті қолдау» картасына енгізілгенін айта кеткен жөн. Серіктестік негізі қаланған уақыттан бастап тағам өнімдері саласында «Аль-Асад» сауда маркасымен бөлшек сауда-саттықпен айналысып келеді. Компания мемлекеттік қолдау аясында жаңа өндірісті іске қосуға мүмкіндік алды. «Даму» қорының бөлшек кепілдендіру құралын пайдалана отырып, «Бизнестің жол картасы-2020» бірыңғай бағдарламасы аясында «RetailA-A» ЖШС «СбербанкРоссии» АҚ-дан 22,5 млн теңге несие рәсімдеп, жаңа заманғы қондырғылар сатып алуға қол жеткізді. Кәсіпорын сондай-ақ субсидиялау түріндегі қолдауға да ие болды, яғни несиенің 14 пайыз үстемесінің 7 пайызын мемлекет өтеп отыр. Қазіргі таңда, серіктестік өндіріс қуатын арттыру мақсатында мемлекеттік қолдау аясында қосымша несие қаражатын тартуды жоспарлауда.




Қаламыздың батыс бөлігіндегі өндірістік аймақта орналасқан «ЭКО-Н Сервис» серіктестігі «Құрамында уландырғыш сынап бар энергия үнемдеуші шамдарды жинау және залалсыздандыру» жобасы бойынша жұмыс жасауда. Жоба жетекшісі, «ЭКО-Н Сервис» ЖШС директоры Қайрат Нұрекешов журналистерге «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы бойынша қайтарымсыз негізде 6 млн теңге грант қаражатын ұтып алғанын жеткізді. Өтеусіз қаражатқа қажетті құрал-жабдықтар, атап айтқанда, ресейлік «Экотром-2У» қондырғысы сатып алынған. Аталған өндіріс түрі ел Үкіметінің қаулысына сәйкес «Құрамында уландырғыш сынабы бар энергия үнемдеуші шамдарды жинау және залалсыздандыру» жөніндегі кешенді іс-шарасы шеңберінде облысымызда тұңғыш рет қолға алынып отырғанын айта кетейік.

– Бұл жобаны «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы негізінде жасап, өңірде баламасы жоқ кәсіпті батыл қолға алып отырмыз. Құрамында сынабы бар шамдарды қоқыс жәшігіне тастауға болмайды. Сол себепті де осы жобаны бастадық. Аулаларда істен шыққан шамдарды жинап алып, оны осында залалсыздандырып, залалсызданған қалдықтарды құрылысқа жаратудамыз, – дейді серіктестік директоры.

Аталған жобаның жалпы құны 10,2 млн теңге. Жұмыс орнының құрылысы кезінде 8 адам еңбек етсе, ал іске қосылғанда 9 адам жұмыспен қамтылып отыр. Жобалық қуаты бойынша қондырғы сағатына люминицентті шамдардың – 300, энергоүнемдеуші шамдардың 400 данасын залалсыздандырады. Бұл жерде өткен жылы 20 мыңнан аса шам залалсыздандырылыпты. Ал бүгінде ПРООН бағдарламасына сай қала бойынша 24 жерде сынабы бар шамдар жинайтын арнаулы контейнерлер орнатылыпты. Демек, алдағы кезеңде залалсыздандырылатын шамдар көлемі көбейеді деген сөз.

**Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.**

## ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында 6 шілде – Астана күніне орай облыста өткізілетін іс-шаралар БАҒДАРЛАМАСЫ

| Өтетін уақыты | | Іс-шараның атауы мен өтетін орны |
|---|---|---|
| 4 шілде күні, сағат:10.00-11.00 | - | Қызылорда қаласында бірқатар әлеуметтік нысандардың іргетасын қалау және пайдалануға беру рәсімі |
| 5 шілде күні, сағат: 10.00 | - | Қызылорда қаласы, С.Майқанова атындағы Мәдениет үйінде «Әнжүрегім – Астана» атты мерекелік концерт |
| 5 шілде күні, сағат: 12.00 | - | Қызылорда қаласы, М.Ералиева атындағы Мәдениет үйінде «Ару қала – Астана!» атты мерекелік концерт |
| 6 шілде күні сағат:10.00 | - | Көркем сурет галлереясында «Тәуелсіздік түндігі – Астана» балалар арасында сурет салу байқауы |
| 6 шілде күні сағат:15.00 | - | Облыстық филармонияда «Ән көгі әсем Астана» атты мерекелік шара |
| 6 шілде күні, сағат: 20.00 | - | Қалалық мәдени-демалыс паркінде «Асқақтай бер – Астана» атты мерекелік концерт |
| 4-6 шілде аралығында | | Қала, аудан орталықтарында және елді мекендерде 6 шілде – Астана күніне арналған мәдени-көпшілік іс-шаралар |
| 4-8 шілде күндері | - | Ә. Тәжібаев атындағы кітапханада «Еліміздің бақ ордасы – Астана» атты суретті кітап көрмесі |



## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті 5 сессиясы 2016 жылғы 13 шілдеде сағат 15:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Сұлтан Бейбарыс к., 1) мәжіліс залында ашылады.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. 2015 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есепті бекіту туралы.
2. Қосымша мәселелер.

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстары 2016 жылғы 12 шілдеде сағат 10:00-де, тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы сағат 15:00-де өткізіледі.

**Облыстық мәслихат.**

# АЙМАҚ БАСШЫСЫ ЖАМАҒАТТЫ ҚАДІР ТҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

**Қасиетті жұманың Қадір түніне қараған кешінде орталық "Ақмешіт-Сырдария" мешітінде облыс әкімі Қырымбек Елеуұлы Көшербаев ораза ұстаған жамағатқа арнап арнайы ауызашар жасады.**

Ақшам намазына азан оқылғаннан кейін, шапағаты мен шарапаты мол Алланың елшісі Мұхаммед Мұстафа (оған Алланың сәлемі мен игілігі болсын) арқылы құлдарына деген сүйіспеншілігін білдірер қасиетті рухани кемелдену айында аймақ басшысының ауызашар дастарханына жиналған жұртшылыққа облыстың бас имамы Талғат Сейіткәрімұлы оразаның ауызашар дұғасын оқыды.

Соңғы жылдары облыс аумағындағы имандылық үйлерінде дастархан жайылып, ауызашар беру игі дәстүрге айналды. Қасиетті Рамазан айында облыс әкімдігінің бастамасымен орталық мешіт жанынан жаңадан ашылған мейрамханада да күнделікті ауызашар рәсімі ұйымдастырылып келеді.

Аймақ басшысы қасиетті айда ауыз бекітіп, тәні мен рухын шындаған жамағатқа ізгі тілегін арнады.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының өкіл имамы Талғат Омаров оразаның әр күнінде мекемелер мен кәсіпорындардың ауызашар беріп, сауапты іс жасағандығына алғысын білдірді. Сондай-ақ ол жамағаттың ұстаған оразаларының қабыл болуын, тілеген тілектерінің Жәбірейіл періште бастаған періштелердің құлағына шалынуын шын жүректен қалайтынын жеткізді.

Рәсімде қасиетті айда рухтарға дұға-тілек тілеу жолымен құран оқылды.

**Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.**

# ДЕПУТАТТАР ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫНДА БОЛДЫ

**ҚР Парламенті Мәжілісіндегі «Нұр Отан» партиясы депутаттық фракциясының мүшелері Бақытбек Смағұл мен Балайым Кесебаева Сыр өңіріне жасаған жұмыс сапары барысында «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында облыс орталығында салынып жатқан құрылыс нысандарымен танысты.**



Халық қалаулылары алдымен «Титов» шағын ауданындағы «Индустриялық, энергетикалық инфрақұрылымды дамыту» бағдарламасы аясында қолға алынған «Өндіріс» индустриялық аймағында» электр жабдықтау құрылысын көрді. Бас мердігер «Тех-Сервис Қызылорда» ЖШС бас энергетигі Бақытжан Үрестемовтің айтуынша, 35/10 трансформаторлық қосалқы станциясы шыны зауытын электр энергеясымен қамтамасыз етеді. Қосалқы станция 35 квт кернеуді 10 квт-ға айналдырып таратады. Нысан 2015 жылы шілде айында қолға алынған. Ағымдағы жылдың қараша айында толық іске қосылады деп күтілуде. Нысанға отандық, яғни, Кентау трансформатор зауытының өнімдері қолданылуда. Жоба құрылысына 2016 жылға 610628 млн теңге қаржы бөлінген. Бүгінде жоба жұмыстарының 98 пайызы орындалған.

Депутаттар онан соң 280 орынға арналған балабақша құрылысымен танысты. Құрылыс нысанының жалпы құны 525324 млн теңгені құрайды. Бас мердігер – «ПромСтрой-Сервис» ЖШС өкілінің айтуынша, өткен жылы қолға алынған құрылыс жұмысының қазіргі уақытта 80 пайызы орындалған. Үстіміздегі жылдың тамыз айының соңына дейін жұмысты толық аяқтап, қыркүйекте балабақша бүлдіршіндерге есігін айқара ашады деп жоспарланған. Айта кететін жайт, құрылыс жұмыстарына «Жасыл ел» жастар жасағының мүшелері тартылған. Олар ішкі сырлау, ақтау, сылау секілді жұмыстарды атқарады. Жалпы құрылыс басында 110 адам еңбек етуде. Құрылыста еңбек етіп жүрген жастарға депутат Бақытбек Смағұл жылы лебізін жеткізіп, оларды еңбексүйгіштікке, елжандылыққа шақырды.

Онан соң «Сәулет» шағын ауданында салынып жатқан көпқабатты тұрғын үйлердің құрылыс жұмысымен танысудың сәті түсті. Мұнда бес қабатты 7 үйдің құрылысы жүргізілуде. Әрбір тұрғын үйде екі бөлмелі 40 және үш бөлмелі 10 пәтерден орналасқан. Құрылыс жобасының жалпы құны 103666 млн теңгені құрайды. Оның 93300 млн теңгесі Ұлттық қордан, қалғаны жергілікті бюджеттен бөлінген.

«Нұрлы жол» бағдарламасы аясында салынып жатқан құрылыс нысандарымен танысқан депутаттар құрылыс сапасының талапқа сай болуын баса айтты және кейбір кемшіліктерге қатысты ұсыныстарын да жеткізді.

– Жалпы, Қызылорда облысы республика көлемінде тұрғын үй құрылысы бойынша өзге аймақтармен салыстырғанда алдыңғы қатарда келеді. Астана мен Алматы қаласынан кейінгі көшбасшы аймақ – Сыр өңірі. Ал халық санына байланысты айтсақ, біздің облыс ең алдыңғы орынды еншілеуде. Бүгін 350 пәтерді құрайтын 7 көпқабатты тұрғын үй құрылысының жұмысымен таныстық. Осының өзі біздің жоғарыда айтқан сөзіміздің айқын дәлелі бола алады,– деді Балайым Кесебаева.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

# ІРГЕЛІ САЛА ІЛГЕРІ БАСА БЕРЕДІ

Қармақшы ауданындағы халық саны – 53430. Аудан халқына 165 төсектік-тәуліктік орталық ауруханасы және оның құрылымдық бөлімшелері, яғни, 250 келушіні қабылдайтын орталық емхана, 6 фельдшерлік-акушерлік пункт пен медициналық пункттер арқылы медициналық көмек көрсетіледі. Оларда 866 қызметкер жұмыс жасайды, оның ішінде дәрігер саны 92-ні құраса, 410-ы орта буын медициналық қызметкері. Дәрігермен қамтылу көрсеткіші 17,5 пайызды құрайды.

Тәуелсіздік алған 25 жыл көлемінде аудан медицинасы да едәуір дамып, тұрғындарға сапалы медициналық көмек көрсетуге қол жеткізілді. Көптеген емдеу-алдын алу нысандарының ғимараттары бой көтерді. Мәселен, соңғы 4-5 жылда аудандағы емдеу мекемелері ғимараттарының 70 пайызы жаңартылған. Орталық емхана ғимараты, Ақай, Төретам селолық емханасы, Алдашбай ахун, Иіркөл, ІІІ Интернационал, Қызылтам, Қорқыт, Ақжар елді мекендеріндегі емдеу мекемелері жаңа заманауи үлгідегі, типтік жобадағы ғимараттар пайдалануға беріліп, ел игілігін көруде. Аудандық денсаулық сақтау саласының материалдық-техникалық жағдайы жылдан жылға жақсарып келеді. Аудандағы жаңа үлгідегі рентген аппараты, әйелдердегі сүт безі кеселдерін ерте анықтауға арналған маммограф, алыс аудандарға қолжетімді болуы үшін алынған жылжымалы маммограф аппараттары ауруды ерте кезеңінде анықтауға мол мүмкіндік жасап отыр. Бірыңғай денсаулық сақтау жүйесін электронды форматқа енгізу барысында амбулаторлық-емханалық көмек көрсететін ұйымдардағы дәрігерлердің қабылдауы ғаламтор арқылы жүргізіле бастады. Бұл өз кезегінде науқастарды кезек күтіп, уақыт жоғалтудан босататын болады.

Аудан халқын тегін дәрі-дәрмекпен қамту жолға қойылған. Нақты айтқанда, ауданда тұрғындардың жекелеген санаттағы науқастарына тегін берілетін дәрі-дәрмектермен қамту көрсеткіші 96,4 пайызды құрайды.

Ана мен бала денсаулығын сақтауда да біршама игі істер атқарылуда. Жалпы, ауданда 27505 әйел тіркеуде тұрса, оның 13461-і туу жасындағы әйелдер.

Қазіргі таңда өлім-жітімді азайту, аурудың асқыну сатысын төмендету маңызды көрсеткіштердің бірі. Өткен жылмен салыстырғанда өлім көрсеткіші 5,3 пайыздан 4,7 пайызға төмендеген. Адамдардың өмір сүру ұзақтығы орташа есеппен 72 жасты құрауда.

Ауданда тұрғындар арасында саламатты өмір салтын насихаттау үздіксіз жүргізіліп келеді.

Жиырма бес жыл ішінде аудандық орталық ауруханасын Әлиасқар Омаров, Бақытжан Нысанбаев, Өмірбек Кенжеғұлов басқарып, аудан халқының саулығын сақтауда және аудандық денсаулық сақтау ісін дамытуда жемісті еңбек етсе, ағымдағы жылдан бастап бұл жауапкершілік жүгі «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», Денсаулық сақтау министрлігінің «Құрмет» грамотасының иегері Жайлыбай Құдайбергеновке жүктелген. Жайлыбай Аққенжеұлы да өзіне артылған жауапты қызметті абыроймен атқаруда. Ауданда сондай-ақ, тұрғындар денсаулығын қорғауда жан аямай еңбек етіп, бейнеттері лайықты бағасын алған үздік мамандар да бар. Атап айтқанда, бас дәрігердің орынбасары ҚР Президентінің Алғыс хаты, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» медалінің иегері Бақытжан Нысанбаев «Денсаулық сақтау саласының менеджменті» тақырыбында Сингапур қаласында білімін жетілдірсе, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» медальдарының иегерлері Қарлығаш Молдағалиева, Владимир Шерғазин, Зүльфия Мұхамедова және Серік Жолымбетов өз ісінің шеберлері, білікті дәрігерлер.

**А.СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ.**

● БРИФИНГ




**Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев "Қазақстан-2050" стратегиясында ең маңызды міндеттің бірі – халыққа және мемлекетке қызмет етуді барлығынан жоғары қоятын кәсіби мемлекеттік аппарат қалыптастыруды алға тартқан болатын. Сондықтан Елбасы ұсынған "100 нақты қадам" Ұлт жоспарының алғашқы он бес қадамы қазіргі заманғы кәсіби мемлекеттік аппарат құруға бағытталған. Бес институционалдық реформаны жүзеге асыруға байланысты жаңа заңнамалар қабылданып, қолданысқа енгізілді. Мемлекеттік қызмет істері департаментінің басшысы Жазира Жылқышиева Өңірлік коммуникациялар орталығында өткен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арналған брифингте мемлекеттік қызметтің жаңа моделін жүзеге асырудағы жұмыстар туралы кеңінен әңгімелеп берді.**

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАҢА МОДЕЛІ

Департамент басшысы сонымен бірге ведомствоның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік қызметшілердің жаңа «Әдеп» кодексінің талаптарын сақтау және мемлекеттік қызмет көрсету туралы да тілге тиек етті.

Кодексте қызметшілердің мінез-құлық ережелері өзгеруінің негізгі мақсаттары бірқатар факторлармен байланысты:

бірінші бұл – сапалы қызмет көрсетуге бағытталған қызмет көрсету үкіметін қалыптастыру. Екінші – мемлекеттік қызметте меритократия қағидаттарын енгізу.

Жалпы Кодекс қызметшілердің мәдениетіне ғана емес, сондай-ақ қызметтік міндеттерді орындау мәдениетіне де талаптар қойды. Қазіргі таңда барлық өңірлерде Әдеп жөніндегі кеңестер бар. Олар мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқын ғана емес, сонымен қатар, уақытылы өтініштерді қарау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау нәтижелерін, заңнама талаптарын бұзудың алдын алу бойынша мемлекеттік органдардың жұмысын, Әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін, сыбайлас жемқорлықты ескерту әдістері мен түрлерін жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар шығарумен айналысады.

Жыл басынан бері Әдеп жөніндегі кеңестің 5 отырысы өтіп, 25 мәселе қаралды. Оның ішінде, мемлекеттік қызметшілерге қатысты 16 тәртіптік іс, 3 ұйымдастыру жөніндегі мәселелер, 3 мемлекеттік орган басшыларының есеп беруі қарастырылып, қаралған тәртіптік істер нәтижесімен 7 тәртіптік іс бойынша тәртіптік жазаға тарту жөнінде ұсыныс берілді.

Жалпы департамент жыл басынан бері «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыру барысында жаңа қабылданған заңнамаларды түсіндіру бойынша әртүрлі мақсатты топтар арасында 10 мыңнан астам тұрғынды қамтыған 157 дәріс-семинар, 18 «дөңгелек үстел», 5 конкурс, 1 ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

Өткен маусым айында департамент басшылығымен қызметкерлері 7 аудан орталығы мен 21 ауылдық округ тұрғындарына түсіндіру жұмыстарын өткізіп, жеке мәселелер бойынша азаматтарға қабылдаулар жүргізілді, әдістемелік көмектер көрсетілді. Мұндай жұмыстар шілде айынан бастап облыстың 50 ауылдық округтерінде жүргізу жоспарлануда.

Брифинг барысында азаматтарды мемлекеттік қызметке қабылдау тәртібі мен ішкі және жалпы конкурстар жаңа механизмдерін енгізу арқылы мемлекеттік қызметшілерді мансаптық ілгерілету айтылып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ажырамас бөлігі болып табылатын алдын алу жұмыстары таныстырылды.

Сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында департамент пен «Өркениет Қызылорда» қоғамдық бірлестігі арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстарын жүргізу бойынша ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылды.

**Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.**

# ЖАС КӘСІПКЕР ЖАҢА СТУДИЯ АШТЫ



**Қызылордалық жас кәсіпкер Нұржан Абсаматов мемлекеттік қолдау аясында өзінің жобасын сәтті жүзеге асырып, кәсіби сурет-видео студиясын ашты.**

Жас кәсіпкердің идеясын «Даму» қоры қолдап, банкте несие рәсімдеуіне қажетті 85 пайыз кепілдендіруді ұсынды. Бөлшек кепілдендіру көмегімен Нұржан Абсаматов ДБ «Сбербанк России» АҚ-дан 7 млн теңге көлеміндегі 14 пайыз үстемемен берілген несиеге қол жеткізді. Бүгінде ол тиісті қаражатқа қаражатына қажетті құрал-жабдықтар сатып алды. «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында мемлекет тарапынан бастауыш кәсіпкердің несиелік ауыртпалығы екі есе азайып, нәтижесінде үстеме пайызының жартысы өтелетін болады.

Нұржан Абсаматовтың негізгі мамандығы қаржыгер болса да, өз мамандығы бойынша еш жерде жұмыс жасамаған. Жас кәсіпкер студент кезінде сурет салонына фотограф-дизайнер болып жұмысқа орналасқан. Салонда екі жыл қызмет атқарған Нұржан өзінің тек осы саланы дамытқысы келетінін түсініп, алдына үлкен мақсат қояды. Сондықтан Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясына оқуға түсіп, продюсер мамандығы бойынша диплом алды.

– Оқуымды аяқтағасын, өзімнің сурет және видео саласында жұмыс атқарып жинаған тәжірибеме сүйене отырып, бизнес бастауға бел будым. Кәсіби студия ашу үшін көп қаржы қажет екенін және оған ЕДБ арқылы қол жеткізуге болатынын түсіндім. Алайда көптеген бастауыш кәсіпкерлер секілді менің де алдымнан кепіл жетіспеушілігі мәселесі шықты. Осы орайда «Даму» қорының Кәсіпкерлерге қызмет көрсету Орталығы кеңесшілерінен бұл мәселені кепілдендіру құралымен шешуге болатынын біліп, солардың көмегімен бизнесіме несие алдым. Нәтижесінде өзімнің студиямды ашып та үлгердім. Бүгінде қызылордалықтарға тиімді бағада кәсіби қызмет көрсетудеміз, – дейді жас кәсіпкер.

Бизнесті қалай жүргізу және қаржыны тиімді басқаруды үйрену үшін бастауыш кәсіпкер «Студенттік жастардың кәсіпкерлік бастамасын қолдау» бағдарламасы аясында «Даму» қорының Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы базасында кәсіпкерлік курсы бойынша оқудан өтті.

Қазіргі таңда Нұржан Абсаматовтың сурет-видео студиясы 6 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.**

● АКЦИЯ

# КҮТПЕГЕН СЫЙЛЫҚ

**Бүгінде үйіңізден шықпай-ақ, ғаламтор желісін пайдаланып «egov.kz» арқылы мемлекеттік қызметті пайдалануға әбден болады. Қазіргі кезде электронды үкімет порталы арқылы көрсетілетін қызмет түрлері де артып келеді. Соған сәйкес оны қолданушылар саны жыл сайын өсуде. Мәселен, 2011 жылы 270 тұтынушы болса, өткен жылы оның саны 30 мыңнан асты. Ал жыл басынан 11мың адам электронды мемлекеттік қызмет алуға жүгінген.**

Әр есікті тоздырмай бір ғана жерден барлық мәселесін шешуге бағытталған қолайлы қызмет түрі сыбайлас жемқорлықтың да алдын алады. Сондықтан мұндай қызметті тұтынушылар санын арттыру мен ынталандыру мақсатында үстіміздегі жылдың 16-29 мамыры аралығында облыс әкімдігі акция ұйымдастырды. Оның нәтижесі бойынша 2247 тұрғын қатысып, акция шартына сай әрбір 120-шы қызмет алушыға ұялы телефон және ақпарат тасығыш, әрбір 350-ші қызмет алушыға смартфон, әрбір 400-ші роутер модемге ие болса, әрбір 500-ші адамға ноутбук тапсырылады. Ал кешегі акция қорытындысында 17 ұялы телефон және ақпарат тасығыш, 6 смартфон, 4 модем, 3 планшет және 1 ноутбук жүлдегерлері анықталды.

Осындай жүлденің бірі Байқоңыр қаласынан келген Гүлжахан Ілиясоваға бұйырды. Ол алғашында бұл ақпаратты естігенде сенбегенін айтады. «Өткен жылы әлеуметтік жәрдем алуға құжаттар тапсырған едім. Бірақ мұндай сыйлыққа ие боламын деп ойламадым. Акцияны ұйымдастырушыларға ризашылығымды білдіремін», – дейді. Айдарлы ауылынан келген Ботагөз Құнанбаева екі қызын балабақша тізіміне жаздырған. Соның нәтижесінде ұялы телефонға қол жеткізді.

Акцияның ірі сыйлығы – ноутбук Мырзагелді Дәрібаевқа бұйырды. Мұндай игі шаралар қараша айында да ұйымдастырылатын болады.

**Айсәуле ҚАРАПАЕВА.**



● МАМАН КЕҢЕСІ

Облыстағы «Сыр медиа» ЖШС жанындағы ақпараттық-талдау орталығы тұрғындардың тегін медициналық көмек жөнінде көзқарастарын білу мақсатында сауалнама арқылы мониторинг жүргізген болатын. Соның нәтижесінде сауалнамамен қамтылған респонденттердің облыс бойынша 40 пайызы тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемімен таныс болмай шықты. Осыған байланысты азаматтарға ақпараттық-түсіндірме материал есебінде осы мақаланы ұсынып отырмын.

Азаматтарға көрсетілетін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 27 қаңтардағы №29 Қаулысымен бекітілген.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі - ТМККК) бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының азаматтарына және оралмандарға ұсынылады және барынша дәлелденген тиімді профилактикалық диагностикалық және емдік медициналық қызметтерді қамтиды.



# ТЕГІН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН КӨЛЕМІ

ТМККК-ге; Жедел медициналық көмек пен санитариялық авиация; Медициналық-санитариялық алғашқы көмекті (бұдан әрі - МСАК); Медициналық-санитариялық алғашқы көмек маманның және бейінді мамандардың жолдамасы бойынша консультациялық-диагностикалық көмекті (бұдан әрі - КДК) қамтитын амбулаториялық-емханалық көмек; Шұғыл айғақтар бойынша жолдаманың бар-жоғына қарамастан, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) айқындайтын жоспарланған көлем шеңберінде МСАК маманының немесе бейінді мамандардың жолдамасы бойынша стационарлық медициналық көмек; МСАК маманының немесе бейінді мамандардың жолдамасы бойынша стационарды алмастыратын медициналық көмек; Қалпына келтіріп емдеу және медициналық оңалту мен Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген халық санатына паллиативтік көмек және мейіргер күтімі кіреді.

ТМККК шеңберінде санитариялық авиация: пациенттің тұрған жеріндегі медициналық ұйымда қажетті ресурстардың болмауына байланысты медициналық көмектің тиісті деңгейін көрсету мүмкін болмаған кезде халыққа шұғыл медициналық көмек көрсетуді; авиакөлік және автокөлік құралдарымен білікті мамандарды межелі жерге жеткізуді немесе пациентті тиісті медициналық ұйымға тасымалдауды қамтиды.

Жоғары мамандандырылған және жаңа технологиялар пайдаланылатын медициналық көмек денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін тізбеге сәйкес амбулаториялық-емханалық ұйым (бұдан әрі - АЕҰ) маманының жолдамасы бойынша көрсетіледі.

ТМККК шеңберіндегі стационарлық көмек уәкілетті орган белгілеген стандарт палаталарда қосымша сервистік қызметтер (теледидар, телефон, тапсырыс бойынша тамақ және т.б.) ұсынусыз жүзеге асырылады.

Стационарлық көмек түрінде көрсетілетін ТМККК уәкілеттік орган бекітетін түрлер мен көлемдерге сәйкес: мамандардың, оның ішінде телемедициналық коммуникацияларды пайдалана отырып, тексеріп-қарауын, консультация беруін; денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкес зертханалық және аспаптық зерттеулерді; медициналық қызметтерді (ақылы қызметтерді қоспағанда), медициналық айғақтар бойынша дәрілік формулярға сәйкес дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді; медициналық айғақтар бойынша қан және оның компоненттері препараттарымен қамтамасыз етуді; үш жасқа дейінгі, сондай-ақ дәрігерлердің қорытындысы бойынша қосымша күтіп-бағуға мұқтаж ересек, науқасы ауыр балаларды күтіп-бағуды тікелей жүзеге асыратын анасына (әкесіне) немесе өзге адамға еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ бере отырып, онымен медициналық ұйымда бірге болу мүмкіндігін жасауды; бір жасқа дейінгі баланы емізетін ана баланы күтіп-бағу үшін медициналық ұйымда болған барлық кезеңде тегін тамақпен қамтамасыз етуді; балалар және азаматтардың әлеуметтік тұрғыдан осал санаттары үшін кеш оңалтуды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарына (бұдан әрі - стандарт) сәйкес ерте және жалғастырылатын медициналық оңалтуды; балалар стационарлық медициналық ұйымдарында ойнау, демалу және тәрбие жұмыстарын жүргізу қажетті жағдайлар жасауды және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген халық санаты үшін паллиативтік көмек және мейіргер күтімін қамтиды.

ТМККК шеңберінде стационарды алмастыратын медициналық көмек:

Мамандардың тексеріп-қарауын, консультация беруін; медициналық қызметтерді (ақылы қызметтерді қоспағанда), медициналық айғақтар бойынша дәрілік формулярға сәйкес дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді; стандарттарға сәйкес физио ем-шараны және емдік дене шынықтыруды қоса алғанда, айғақтар бойынша азаматтардың барлық санаттары үшін ерте және жалғастырылатын медициналық оңалтуды қамтиды.

Жалпы бұл мәліметтер облыс көлеміндегі барлық емдеу-алдын алу ұйымдарының ақпараттық тақтасында орналастырылған. Егер ТМККК туралы Сізде түсініксіз мәселе туындаса, сол мекемедегі медицина қызметкерінен немесе өзіңіздің аймақтық дәрігеріңізден толық мәлімет алуыңызға болады.

**Н.ХАЛЫҚҰЛОВ,**
**Арал ауданы орталық ауруханасының дәрігері,**
**КСРО және ҚР денсаулық сақтау үздігі.**



# ҚАЙРАТКЕР

Қыс соңында қар астынан қылтиып шығып, бас көтерер бәйшешектер мен құз-жартастардың қиясына бітіп, шың басын мекен еткен еңлік гүлдерін кім білмейді? Бірі мұз-қардың көбесін сөгіп, бірі тау-тастың төбесіне өніп, өкпек желдің өтінде қасқиып тұратын өжет те қайсар гүлдер талай шайырлардың шабытына тамызық боп аңыз-жырға айналғалы қаш-а-ан?! Ал, енді осы гүл-ғұмырға өмір бойы өршелене өрге ұмтылған қыз-ғұмырды қосып қарасақ, ғажап бір үйлесімділіктің куәсі боламыз. Екеуі де өз жолында кездескен кедергінің бәрін бұзып-жарып өтуді, жеңіске жетуді көксейтін ерік-жігері күшті нәзік жаратылыс иелері. Осындай бітім-болмысы бөлек, өзгеден оқшау жаратылған нәзікжандылардың бірі де бірегейі – Сыр жұртшылығымен бірге жасасып келе жатқан Алмагүл Божанқызы екендігі даусыз. Ол туралы әңгіме қозғап, түйдек-түйдек ойларымды қалам ұшынан сорғалатуға бұрын да сан мәрте тоқталғанмын, бірақ тоқтай бердім. Неге? Түсініктірек болу үшін көрнекті жазушы Төлепберген Тобағабылов (марқұм) ағамыздың көзі тірісінде жазып қалдырған мына бір ойын қаз-қалпында келтірейін.

"Алмагүл қарындасым жайлы жазғым келсе де жаза алмадым. Жаза алмағаным, біраз әріптестер менің алдымды орап үлгіріпті. Тіпті көрінгенге сөз шығындай бермейтін Шерхан Мұртазаның өзі беделді бір басылым бетінде: "Республика бойынша нәзікжанды әйел затынан бүгінде аудан басқарған жалғыз әкім Қызылорда облысы Тереңөзек ауданының әкімі Алмагүл Божанқызы" дей келе, сол жалпақ жұрттың ішіндегі "жалғыз түйір" қарындасының пайым-парасатын, білімбілігін, әйелге тән әдебін әдемілеп әдіптеген екен, сондықтан "егіні орылып қырманы көтерілген аңыздың масағын тергім келмеді" дейді Төкең. Менің де қысылған тұсым осы болды ғой.

Ұлтымыздың біртуар тұлғалары Ә.Нұрпейісов, Қ.Мұхамеджанов, Ә.Кекілбаев, Ф.Оңғарсынова, Ш.Мұртаза "біздің Алмагүл" деп айрықша аялаcа, белгілі ақын-жазушылар С.Оспанов, С.Жиенбаев, И.Оразбаев (Иран-Ғайып), К.Ахметова, Ж.Дәрібаева, Қ.Асанов, Ә.Рахымбекұлы, Т.Дайрабай, Б.Шағыров, А.Кіребаев, Р.Жанай бар "өз Алмагүлін" әр қырынан ашып, әрісі мен берісін түк қалдырмай түгендеп тастаса, маған да масағынан басқа несі қалды? Бірақ масақ термес бұрын ең алдымен, Төкең айтпақшы, "басқалардың қолымен орылып қойған өнімнің өзіне қол созып, өзек жалғап алсақ деймін. Онсыз алдағы әңгіменің тұздығы кіре қоймас. Сонымен, әлқисса...

Иә, осыдан ширек ғасыр бұрын ел тәуелсіздігімен ілесе келген жабайы нарықты ырыққа көндіру, өтпелі кезеңнің бар тауқыметін елмен бірге көтерісу алғашқы әкімдердің қайқайсысына да оңайға түскен жоқ. Ал, сол алғашқылардың бірі нәзікжанды әйел затынан шықса ше? Қалайша ол ел аузындағы аңыз-әңгіме, жырдастандарға "тамызық" болмасқа? Болғанда қандай... Тіпті осы күнге шейін еш бәсеңсіген емес. Солардың біршамасын назарларыңызға ұсынып көрейік. "Ел үшін қозғалып жатқан қандай да бір мәселе болмасын, А.Божанқызының араласпаған жері жоқ. Оның ұйқы-күлкі көрмеген көзсіз ерлігі, көлігінің көн боп қатқан терлігі де, сан-сақты елдің сауалына жауап бере алар даналығы мен ер-азаматтардан асып түсер даралығы да осы тұстары көрінді" деп сүйсіне жазады белгілі қаламгер С.Оспанов. Ал, енді бұл әкімдік қызметі тұсында берілген баға болса, облыстық мәслихатты басқарған жылдары Алекең жүзеге асырған талай жобаларды талқылауға депутат боп атсалысқан әріптес інісі, қазіргі сенатор Мұрат Мұхамедов былай дейді: "Бітім-болмысы нәзік, бойына ерекше қабілет жинаған қазақ қызының ер-азаматтармен қатар қызмет жасап, кей тұстарында олардан асып та түскенін өмір өзі дәлелдеп отыр. "Әйел бақытының парқы – әлемінің байлығында" десек, сол әлемін кірлетпей таза ұстаған ар-ождандылық пен ойлылықтың символы деген өз көзқарасым осы кісіге еш артық емес".

Мұрат мырзаның осы ой-тұжырымдарын тағы бір әріптесі, Шиелі аудандық мәслихатының бұрынғы хатшысы, қазіргі аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сұлтанбек Оразымбетов одан әрі жалғап, тіпті қара сөзден өлең-сөзге көшіп кетіпті:

Еңбектен тапқан бақытын, достықтан
тапқан жақұтын,
Алмагүл біздің осындай сыйластыққа
сақы тым.
Жасыны өткен ғасырдың,
куәсі – ағы шашымның,
Болмысы бөлек замандас,
сыныгысың асылдың.

Иә, Сұлтекең сияқты бір кездері жасындай жанып, қас-қағым сәтте нөсерлетіп өте шыққан жастығын кім сағынбас? Жастық шақтан осы күнге дейін үзілмей келе жатқан сыйластықтың қашанда бәсі биік А.Божанқызының комсомолдық жолдан бірге өткен тағы бір үзеңгілес досы марқұм Рүстем Жанай ақын болатын. Ол да көзі тірісінде тау суындай екпіндеген түйдек-түйдек жыр шумақтарымен әдемі сурет салыпты. Сол суретті көз алдымызға келтірейік:

Көлгірлігің жоқ, өткірлігің
от тұлғасың,
Пенделігің жоқ, қорғаштап
жүрген бір басын.
Майдалығың жоқ, еркектен
бетер ірісің,
Бітімің бөлек сиректеу сенің туысың.
Асаулау заман нарыққа
құрық тастаған,
Екі қыз болса, қазақта соның бірісің.
Сүрінген жоқсың, бүлінген
жоқсың ешқашан,
Аша алмас ешкім сырыңды
өзің ашпасаң.

Қайраткер қыздың қабілет-қарымдылығын, парасат-пайымдылығын, тұлғалық болмыс-бітімін бұдан асырып қалай суреттеуге болады, тағы қандай анықтама қажет?

Мемлекеттік сыйлықтың иегері Күләш Ахметова да одан еш қалыспай өз ойын "ар-намыс сынға түсер мезеттерде қазақтың жігітінен қызы мықты" деп одан әрі нықтап шегелей түседі. Ал, "Алаш" халықаралық әдеби сыйлығының иегері, өзіміздің Жадыра ше? "Түркістан" республикалық газеті, "Ақмешіт ақшамы" арқылы Алекеңнің мерейтойына орай жолдаған жыр-шашуында: "Асау Сырға аспа көпір салынды, Алмагүлдің ойы ұласып тірлікке" деп шаттана жырлап, осыдан екі жыл бұрын Тереңөзек тұсынан салынып, пайдалануға берілген көпірді айта кетуді де естен шығармапты. Өйтетіндей жөні бар. Себебі, Жадыра Дәрібаеваның өзі де – Тереңөзектің тумасы. Сондықтан Алмагүл досының осы көпір мәселесімен уақытысында бармаған жер, баспаған тауы қалмағандығын жақсы біледі. Тіпті, оның жанайқайы жоғарғы жаққа жетіп, сең қозғалғандай болғаны да бар. 1994 жылы сол тұстағы облыс басшысы С.Шаухамановтың қолдауымен "Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік компаниясы мен әкімшілік арасында шарт жасалып, жоба-сметалық құжат дайындалып, көпір құрылысы басталып та кеткен болатын. Бірақ сол өтпелі кезеңдегі қаржы тапшылығына байланысты құны тым қымбат тұратын құрылыс жұмысы тоқтап қалғаны өкінішті-ақ. Осы орындалмай қалған арман-мақсаты араға 20 жыл салып, қазіргі облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен Сырдария ауданының әкімі Ғанибек Қазантаев басшылық жасаған тұста жүзеге асып жатса, бұған қалай ғана қуанбасын? Жуырда ғана баспадан шығып, қолымызға тиген "Көпір" атты деректі, құнды дүниесі осының бір дәлелі болса керек. Тамырын тереңнен тартып, көп жайлардан мағлұмат беретін, барлық оқиғасы шынайы өмірдің өзінен ойып алынған бұл деректі кітап көпір жайлы кішігірім шежіре іспеттес.

"Ұрпақтан ұрпаққа" қоғамдық бірлестігінің төрайымы ретінде өзі ұйымдастырған іс-шараларды атап айтсақ, соғыс және еңбек ардагері Жаңабай Азаматовтың 100 жылдығы үстінде "Аңыз, абыз адам" кітабын, Еңбек Ері Балдырған Мұстапаеваның 75 жылдығына орай "Елдің бағын жандырған ер Балдырған" кітабын, өзінің 60 жылдығы тойлағанда "Сыр елім – жерұйығым" кітабын таратқан болатын.

"Сыр елім – жерұйығым" деп айтса айтатындай бар. Шынында А.Божанқызы 1946 жылы 14 наурызда дүние есігін ашқан осы күнге дейін киелі топырағында, Сыр елі – жерұйығында өмір сүріп, еңбек етіп келеді. Басқа жерұйықтың оған еш қажеті жоқ. Оны туған жер – алтын бесігінен екі елі ажыратпайтын ұлы күш – елге, ағайын-туыс, достарға деген сүйіспеншілік, махаббаты дер едім. Басқалардай Алекең де жастық шағын, балалық шағын сағына еске алып, менімен сыр бөлісетіні бар. Соның бірін айта кетейін.

Әкесі Божан өз заманының еңселі азаматтарының бірі боп ауылдық кеңесті басқарса да, дүние-байлыққа қызықпаған, қолындағысын мұқтаж жандарға беруге бейім, жомарт кісі бопты. Құдай қосқан қосағы Кенжені небәрі 14 жасында қолына қондырып, екеуінен 11 перзент дүниеге келсе де, содан тірі қалғаны бесеу-ақ. Осы бесеудің ішінен өзінен аумайтын бұйра шашты Алмагүлін ерекше жақын тартып, кішкентайынан еркек балаша тәрбиелейді. Кейде үйге жылап келген қызын "Бар, әке-шешесінен сыпыра боқтап сабап, сыбағасын беріп, ақынды алып қайт!" деп сыртқа шығарып жібереді екен. Бұл да сол заматта атойлап шауып барып ұрыс ашып, өзін жылатқан баладан өшін алып қайтатын көрінеді. Осылайша ешкімге есесін жібермей өскен намысты қыз ержеткен соң қалайша еңлікгүлдей тас жарып шықпасын?

Небәрі 14 жасында анасы өзіне қаражат орнына берген ірі малды жаяу айдап Бесіктінің паромы арқылы өткені... әрі қарай мал базарына дейін айдап апарып қалай пұлдағаны, өзі қабылданған М.Мәметова атындағы педучилищеде өткізген қиын да қызықты күндері бәрібәрі осы күнге дейін Алекеңнің көз алдында. Оның қазіргі ең жақын достары да – бірге оқыған курстастары.

Иә, қасындағы осы аяулы курстастарын мен де танимын. Тіпті 2014 жылы күзде педучилище бітірулеріне 50 жыл толған мерейлі кештеріне қатысып, Тереңөзектегі үйінде бас қосқанымыз, ақын-сазгер досы әрі курстасы Ділдахан Торғаеваның "Алмагүл" әнін қосыла шырқап, әуелете аспандатқанымыз әлі есімде...

Достыққа, жастай араласып сыйласқан адамдарға деген, өз идеалына, қандай да болмасын атқарған қызметіне деген адалдығы, ең бастысы – өзін көтерген, өзі сүйген Сыр еліне, халыққа деген адалдығы. Халыққа адалдығы дегеннен еске түседі, сонау тәуелсіздіктің алғашқы жылдары басқа аудандарда жаппай ауыл шаруашылығы жерлері шаруа қожалықтарына бөлшектеніп жатқан тұста А.Божанқызы ғана асығып-аптықпай, бір бүтінді бұзыпжармай, ауыспалы егіс жүйесін сақтай отырып, реформа жүргізгендігін, соның нәтижесінде жылдар бойы жинақталған материалдық-техникалық базаның талан-таражға түспей, аман қалғандығын Сырдария ауданының халқы осы кезге дейін аңыз етіп айтады екен.

Еңбек жолын небәрі 18 жасында Шаған ауылының балабақша меңгерушілігінен бастаған Алекеңнің алдағы тағдырын, яғни үздіксіз басшылық қызметте жүруін құдайдың өзі сол тұста маңдайына таңбалап берген секілді. Одан соң мектеп директоры, аудандық комсомол комитетінің I хатшысы, аудандық партия комитетінің идеология хатшысы, аудандық кеңес атқару комитетінің төрайымы болса, одан кейінгі қызметтері Қызылордада облыстық мәслихаттың хатшысы, "Нұр Отан" партиясының облыстық филиалы төрағасының орынбасары болды. "Игілік" корпоративтік қорының тәуелсіз директоры әрі "Ұрпақтан ұрпаққа" қоғамдық бірлестігінің төрайымы.

"Жаны құмар кеңістікке, ерлікке, әр қызметі татиды ғой ерлікке" деп Жадыра ақын айтпақшы, қай қызметінде де елдің қамын ойластырып, солардың мұратмақсаттары үшін ағысқа қарсы жүзуден де сескенбеген батыр, қайсар қыз аңыз – Алмагүлді бұл жолы ел аузындағы әңгіме, жазба деректерге сүйене отырып көрсетуді мақсат еттім.

**Қатира ЖӘЛЕНОВА,**
**Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын.**

# ЖЕКЕ КЛИНИКА ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Қызылордалық кәсіпкер Гүлсім Алашбаева мемлекеттік қолдау аясында өз клиникасын ашты. Мемлекеттік емханада 30 жылдай жұмыс жасаған ол жеке клиника ашуды қолға алады. Осылайша медициналық бизнестің қыр-сырын зерттеген Гүлсім өз жобасын жүзеге асыруға бел буып, бизнесін ұйымдастыруға жоспар құрды.

Кәсіпкер өзінің жинақтаған қаражатына ғимаратты жалға алып, жөндеу жұмыстарын жасады. Алайда қажетті құрал-жабдыққа қаражат жеткіліксіз еді. Қаржы тарту туралы кеңес алу мақсатында «Даму» қорының өңіріміздегі Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығына келіп, банктен несие алуға шешім қабылдайды. Бастауыш кәсіпкердің жобасын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қолдады. Сондай-ақ, «Даму» қорының 70 пайыз кепілдендіруімен кепілмүлкі жетіспеушілігі өз шешімін тапты. Нәтижесінде кәсіпкер 10 млн теңге несиеге қол жеткізді.

Айта кетейік, «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында жеке кәсіпкер Гүлсім Алашбаеваның несиесі мемлекет тарапынан субсидияланып отыр. Бүгінде несие қаражатына Гүлсім жеке клиникасын соңғы үлгідегі құрылғылармен жабдықтап, емделушілерге сапалы қызмет көрсетуде.



– Қазіргі таңда көптеген азаматтар жеке кәсіп ашуды ойлайды. Бірақ бизнестің қай түрімен айналысатынын білмей қиналады. Менің алдымда мұндай мәселелер туындаған жоқ. Себебі, мамандығым дайын бизнес болып табылады. Алайда мен бизнеске 30 жылдан кейін ғана келдім. Менің жобамды қолдап, құрал-жабдықтар сатып алуға қаражат бөлген «Даму» қоры мен Халық Банкіне алғысым шексіз. Медицина саласында бизнестің негізгі жарнамасы, бұл көңілі тоқ клиенттер. Егер қызмет өте сапалы, әрі жоғары деңгейде көрсетілсе, риза болған емделушілер жағымды әсерімен айналасындағылармен бөлісіп, клиниканың имиджін көтереді, – дейді ол.

Кәсіпкердің клиникасы бүгінде шағын болғанымен, Гүлсімнің айтуынша, ол уақыт еншісінде шешілетін мәселе. Табысты клиникалардың тәжірибесін меңгере отырып, кәсіпкер жақын арада бизнесін дамытуды жоспарлап отыр.

– Ақылы медицина қазіргі таңда бизнестің ең тез дамушы саласының біріне айналды. Азаматтар мемлекеттік емханалардағы ұзын-сонар кезек күтуден қашып, жеке клиникалардың қызметіне жүгінуде. Біздің мекемеде әрбір емделушіге ерекше көңіл бөлінеді. Қабылдаудың жазылу арқылы жүзеге асуы пациенттерімізге өте ыңғайлы. Олар емделу уақытын өздеріне тиімді мерзімге белгілей алады. Ауыз қуысына терапиялық ем жүргізу кезінде біз соңғы үлгідегі сапалы құрал-жабдықтарды қолданамыз. Барлық процедуралар жоғары деңгейде жасалады, – дейді клиника иесі.

Гүлсім Алашбаеваның стоматологиялық клиникасында тісті ағартудан бастап, протездеуге дейінгі толық қызмет жиынтығы ұсынылған. Бүгінде мұндағы соңғы үлгідегі сапалы құрал-жабдықтар клиника жұмысының сапалы жүргізілуіне оң ықпалын тигізуде.

**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.**

● ҚЫЗМЕТ

# АВТОӘУЕСҚОЙЛАР АЛДЫН АЛА ТЕСТІЛЕУДЕН ӨТЕ АЛАДЫ

Автоәуесқойлар «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының мамандандырылған ХҚКО-да жол қозғалысының теориясы бойынша алдын ала тест тапсыра алады.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Басқарма төрағасының орынбасары Ғалым Нұрғазиевтің айтуынша, енді азаматтар емтихан алдында өздерінің білімін мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтарында тексере алады. «Мемлекеттік корпорация жол қозғалысының теориясы бойынша алдын ала тестілеу жобасын іске қосты. Енді әрбір үміткер емтихан тапсырар алдында жол қозғалысы ережелері бойынша өзінің білімін сынай алады. Мұндай қызмет мамандандырылған ХҚКО-да ақылы негізде көрсетіледі. Астана және Алматы тұрғындары үшін 700 теңгені, облыс орталықтарында 500 теңгені құрайды», – дейді Ғ.Нұрғазиев.



Бірінші рет жүргізуші куәлігін аларда үміткер екі емтиханнан, яғни 40 сұрақтан тұратын теориялық емтихан және автодромда 12 жаттығудан тұратын практикалық емтихан тапсыратын болады. Әрбір үміткерде 3 ретке дейін емтихан тапсыруға мүмкіндік бар. Үш сәтсіз талпыныс болған жағдайда үміткерге келесі емтихан тапсыруға соңғы емтихан өткен күннен бастап алты айдан кейін рұқсат беріледі.

Айта кететін мәселе, болашақ жүргізушілер интеллектуалды автодромда практикалық дағдыларын сынай алады. «Автоматтандырылған электронды алаңда практикалық емтихан тапсыруға емтихан алды дайындықты жүргізу» ақылы қызметі көрсетіледі.

Азаматтарға жүргізуші куәлігін алу рәсімдерін жеңілдететін өзгерістер көлік құралдарын тіркеу және есепке алу қағидасын бекіту туралы бұйрыққа осы жылдың маусым айының басында енгізілген. Жаңа қағидаларға сәйкес «А» және «В» санатындағы, сондай-ақ «А1» және «В1» кіші санатындағы жүргізуші куәліктерін автомектептерде оқымай-ақ алуға болады.

Қазіргі таңда ақылы қызметтер Астана, Алматы, Қарағанды, Тараз, Ақтау, Петропавл, Қызылорда, Талдықорған, Қостанай және Ақтөбе қалаларында 10 мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтарында көрсетіледі. Жыл басынан бері 5 мыңнан аса тұрғын автоматтандырылған автодромда автокөлік жүргізу қызметтерін пайдаланған.

**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.**

# ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ – 2000 ЖЫЛ

## ЖАҢА МЫҢЖЫЛДЫҚ БАСТАУЫНДА



2000 жылғы 20 шілдеде Мемлекет Басшысы Н.Назарбаев "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы" 13-баптан тұратын Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына қол қойды. Бұл Заң Қазақстан Республикасы Парламентіндегі жекелеген депутаттардың бастамасы бойынша талқыланып, мақұлданған болатын.

Президенттік басқару нысанын одан әрі нығайтқан және жаңа тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің негізін қалаушылардың бірі, Қазақстан халқының бірлігін, Конституцияны, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз еткен Қазақстан халқының көшбасшысы ретінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің саяси және құқықтық жағдайын анықтаған "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы" конституциялық заңның қабылдануы Қазақстан жағдайында тарихи қажеттілік те болып табылады. Елбасы Н.Назарбаев қол қойған заңда бұл актінің Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарының сабақтастығын, елдегі бұдан кейінгі әлеуметтік-экономикалық және демократиялық өзгерістерді қамтамасыз ету мақсатында қабылданғандығы туралы айтылады.

2000 жылдың 26-28 сәуір күндері Алматыда Қазақстанда ғана емес, Орта Азиядағы тұңғыш ірі деңгейдегі "Еуразия-2000" экономикалық саммиті жұмыс істеді. Елімізде өткізілген алғашқы халықаралық экономикалық форумға Орталық Азия, Кавказ, Ресей, Таяу және Қиыр Шығыс, Оңтүстік Шығыс Азия, Үндістан, Қытай, Жапония мемлекеттері мен үкіметтерінің басшы өкілдері, халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдар, оның ішінде Дүниежүзілік валюта қоры, Дүниежүзілік Банк, ТМД Кеден одағы, Орталық Азия экономикалық қауымдастығы, ЕҚЫҰ, БҰҰ құрылымдары, ірі аймақтық банктер, шетелдік компаниялар мен трансұлттық корпорациялар жетекшілерінің қатысуы Алматы форумының мәртебесі мен маңызының жоғары екендігін білдіреді. Форумға қатысуға әлемнің 37 елінен өтініш түссе, 200-ден астам бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері тіркелді.

Алматыда өткізілген экономикалық басқосуға, тарихи Ұлы Жібек жолы бойындағы мемлекеттердің экономикалық жағынан өзара кірігуі мен ежелгі арманы қазіргі заман үрдісімен жаңғырту идеясына Қазақстан Президенті Н.Назарбаев бастамашы болды. Бұл бастамаға әлемдегі аса беделді халықаралық қауымдастықтар қолдау көрсетіп, Алматы форумына Давос клубының президенті Клаус Шваб қатысып, Еуразия аймағы елдерін сипаттайтын принципті төрт мәселеге тоқталды. Олар: біріншіден, аймақтың мұхитқа шығу жолы жоқ болғанымен, зор әлеуеті бар; екіншіден бұл аймақта саяси-экономикалық реформалар жүріп, оң өзгерістер болып жатыр; үшіншіден, Еуразия елдеріне әлемдік экономикалық кеңістікке ғана емес, ішкі аймақтық интеграция да қажет; төртіншіден, көрші державалармен, әсіресе, Қытаймен, Ресеймен, Иранмен, Түркиямен ынтымақтастықты, өзара байланысты дамыту қажет.

Саммитте сөз сөйлеген Қазақстан Президенті Н.Назарбаев жиынға қатысушыларды Ұлы Жібек жолын әлемнің барлық аймақтарымен бұрынғыдан да белсенді байланыстардың магистраліне айналдыруға, Орталық Азия елдерінің барлық көрсеткіштер бойынша – саясатты, экономикада, техникалық дамуда – тарихтың қажетті жағалауында болуының өмірлік маңызы бар екендігіне назар аударды. Елбасы Н.Назарбаев сонымен бірге Каспий аймағын игеруге байланысты проблемаларды әңгімелеуге шақырып, ең алдымен, Каспий аймағындағы қарама-қайшылықтарды шешу қажеттігіне тоқталды. Европаны Орталық Азия мен Қазақстан арқылы Тынық мұхитымен жалғастыратын жаңа магистральдық теңіз, темір жол, автомобиль, әуе, құбыр желісі және энергетикалық жолдар салу туралы әңгіме де назардан тыс қалмады.

Иранның Каспийден Парсы шығанағына дейін апаратын құбырлық жолы және құбыр желісі де әңгіме болды. Форумда біраузыдан айтылған түйін: аймақтағы ынтымақтастық көп табысқа жеткізеді, бірақ оны орнықтыру оңайға соқпайдыға келіп тоқталды. Самитте Қазақстан Еуразия аймағында халықаралық қауымдастықтың бір бөлшегі ретінде жан-жақты таныла түсті. Дегенмен де, Орталық Азия мен Кавказ аймағында өзара интеграция икемге келгенімен, бәтуаға келетін ортақ ұсыныстар мен мәмілелер болмады. Бұған осы аймақтағы елдердің саяси және экономикалық дамуы мен жүргізіп отырған реформалардың деңгейі мен дәрежесінің әртүрлігі де себеп болған сияқты.

Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы бейбіт саясаты Біріккен Ұлттар Ұйымының 2000 жылғы 6 қыркүйекте басталған Мыңжылдық саммитінде тағы бір айқын көрініс тапты. Саммиттің 6 қыркүйектегі пленарлық мәжілісінде сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан ел ретінде басқа да ядролық державаларды осы қаруды жою жөніндегі нақты қадамдарға шақырды және ядролық қаруға ие кейбір елдердің үздіксіз қарама-қайшылығының төбе көрсетуіне байланысты талқыланатын мәселелер қатарына ядролық қатердің таралу проблемасын енгізуді ұсынды. Елбасы өз сөзінде, сонымен бірге, жаңа мыңжылдық бізге жай ғана ғаламдық өзгерістер ғана әкеліп қоймай, сонымен қатар, адамзат өміріндегі бетбұрыс кезеңнің де басталғанын білдіретінін, сондықтан да бүгінде жаңа әлемдік тәртіптің сұлбасын өктем ұсынатын және шүбәсіз прогресс құбылысына жататын ғаламдастырудың көптеген мемлекеттер үшін, сондай-ақ келеңсіз салдары аз болмайтынын да атап көрсетті. Елбасының айтуынша, "бұл көптеген жайттармен шарттыланған, солардың арасындағы бастыларының бірі әлемдік қауымдастық елдерінің тең еместігі болып табылады. Бұл тіпті осынау тең еместік сатыларын – байлар мен кедейлерді, дамыған және экономикалық жағынан кенжелеп қалғандарды, ресурстық әлеуеті бар және оны сарқып қойғандарды, т.с.с. бейнелейтін біздің күнделікті терминологиямызда көрініс беріп отыр".

Мыңжылдық саммитінен кейін көп ұзамай-ақ Астанада Президент Н.Назарбаевтың, Премьер-Министр Қ.Тоқаевтың, Президент Әкімшілігі, Премьер-министр Кеңсесі, Парламент Сенаты мен Мәжілісі тиісті комитеттер өкілдерінің, министрліктер мен ведомство басшыларының, Қазақстанның шетелдердегі Төтенше және өкілетті елшілерінің қатысуымен ҚР Сыртқы істер министрлігі алқасының кеңейтілген отырысы өтті. Онда Қазақстан Республикасының ғасырлар тоғысындағы сыртқы саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтары талқыланды.

Отырыста сөйлеген сөзінде Елбасы Н.Назарбаев XXI ғасыр қарсаңындағы әлемдік дамудың негізгі тенденцияларына егжей-тегжейлі талдау жасап, Қазақстанның дүниежүзілік қауымдастықтағы рөлі мен орнына сипаттама берді, қазақстандық дипломатияның келешектегі іс-қимыл стратегиясын ұсынды.

*М.Мұхамедов пен Б.Сырымбетұлының "Тәуелсіздіктің он сегіз асуы: құлдыраудан өрлеуге дейін" кітабынан.*

## ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ 15 МЛН-ға ЖЕТТІ




Кеңес Одағы тарағаннан кейін Қазақстанда тұңғыш рет халық санағы 1999 жылы өткізілген еді. Оның қорытындысы 2000 жылдың соңына қарай жарияланды. Халық санағы бойынша Қазақстан халқы 15 млн тұрғынды құрады. Бұл 1989 жылғы халық санағындағы деректен 7 пайызға жоғары.

Біздің облыста халық санағын жүргізу жоғары деңгейде өткізілді. Осы санақтың нәтижесінде облыс халқы 596,2 мың адамды құрады. Алдыңғы санақпен салыстырғанда, Сыр өңірінде халықтың өсімі 3,8 пайызды құрады. Қала тұрғындары 361 мың адамды, ауыл тұрғындары 235 мың адамды құрады. Нәтижеде қала тұрғындарының саны 15,2 мың адамға артқаны мәлім болды. Облыста қала халқының үлесі 60,6 пайызды, ауыл тұрғындары 39,4 пайызды құрады.

Аралық кезеңде облыстағы ұлттар мен ұлыстардың арақатынасын мынадай мәліметтермен сипаттауға болады. Қазақтардың саны 561,6 мың адамды құрады. Аталған кезеңде өзбектер саны – 40, түріктер – 65,4, орыстар – 54,8, татарлар – 49,1, корейлер 55,4 пайызға азайды. Облыстың жалпы тұрғындар санында қазақтар үлесі – 94,2, орыстар – 2,9, корейлер 1,5 пайыз құрады.

## ҚАЙДАСЫҢДАР, "ҚАРАДОМАЛАҚТАР"?



Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің деректеріне сүйенсек, 2000 жылдың бірінші қаңтарында республика халқының саны едәуір артып, табиғи өсу деңгейі 6,6 пайызға артса, оның ішінде Қызылорда облысында бала туу деңгейі республикалық орташа деңгейден жоғары болған. Сол жылдары еліміз бойынша жүзеге асырылған «Қарадомалақ-2000» бағдарламасының нәтижесінде облыста бала туу саны артқанын көреміз. Бала туудың көрсеткішін жақсарту мақсатында сол жылы туылған нәрестелерге қаржылай сыйақылар да берілді. Осындай игі бағдарламаның арқасында облыста бала туу көрсеткіші 20,1 пайызға жоғарылады.

## ДЖЕК ПОТ ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚҚА БҰЙЫРДЫ

2000 жылы елімізде жаңа телебағдарлама көрерменге жол тартты. «Хабар» арнасының эфиріне «ТВ-Бинго» телебағдарламасы шығып, көпшіліктің көзайымына айналды. Лотерея ойындарын телеэкран арқылы ойнататын бағдарламада қызылордалық азамат алғашқы джекпотты ұтып алып, 43 миллион теңгені иеленді. Ол азамат лотереяны «Жайна» сауда орталығынан небәрі 60 теңгеге сатып алған.

## БИІК БЕЛЕСКЕ КӨТЕРІЛГЕН ЖЫЛДАР

«Жолқұрылыс» ЖШС мекемесі облыстағы жол құрылысын жүргізу үшін 2000 жылы республикалық тендерден 300 млн теңге ұтып алды. Аталған мекеме республикалық маңызы бар «Самара-Шымкент» тас жолының орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуге атсалысты. Бұл құрылыс жұмыстары халықаралық талаптарға сәйкес жасалған алғашқы қадамдардың бірі еді. Өз саласының кәсіби мамандары шоғырланған бұл серіктестік бірнеше ірі жобаларды іске асырды. Соңғы жылдары 22 млрд теңгенің монтаж-құрылыс жұмыстарын жүргізіп, республикалық облыстық және жергілікті маңызы бар 3000 шақырымдық автокөлік жолдарын салып-жөндеуде кәсібиліктерін көрсетті.

Биыл бұл мекеме өзінің жиырмажылдық белесіне көтерілсе, ал 2000 жылы халықаралық дәрежеде қызмет көрсете бастаған алғашқы компаниялардың бірі болатын.

● ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП

## «ОЗЫҚ» – НАРЫҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАРЛЫҒАШЫ



**Кезінде кеңестік одақ ыдыраған тұста оның алғашқы ауыртпалығы алдымен жеңіл өнеркәсіп саласына соққы болып тиді. Өйткені бір-біріне шикізатқа не техникасына тәуелді болып келген республикалардың байланысы күрт үзілген болатын. Соның әсерінен фабрикалар мен кәсіпорындардың жұмысы тығырыққа тірелді. Тіпті, сол кезде олардың басым бөлігі жабылып та қалды. Дегенмен, егеменді ел атанған елімізде бұл сала қайтадан жанданды.**

**Өңірде жеңіл өнеркәсіп саласындағы алғашқы болып ашылған «Озық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі еді. Бүгінде бұл серіктестік еліміздегі ең үздік әрі үзіліссіз жұмыс істеп келе жатқандардың бірінен саналады. Дегенмен де, кәсіпорынды ашу мен дамытудың оңайға соқпағанын айта кеткен де дұрыс. Өйткені, қандай да бір жаңа кәсіпті ашу үшін біліктілік қажет. Сондай-ақ, онда жұмыс істейтіндердің өз ісінің нағыз маманы болуы да шарт. «Озық» ЖШС ашқан оның құрылтайшылары баста осы мәселелерге айрықша ден қойды.**

– Бүгінде біздің фабрикада 50-ден астам адам жұмыс істейді, – дейді серіктестік директоры Анатолий Сергеев. – Қазір әлемді дағдарыс жайлап бара жатқанын күнделікті ақпарат көздерінен көріп, біліп жүрміз. Бірақ сол дағдарысқа қарамай, тапсырыстар алып, жұмыс жасап жатырмыз. Керісінше, бүгінде біздің фирмамен серіктес болушылар қатары күн санап артып келеді. Соған орай кәсіпорынның тігетін бұйымдарына да сұраныс көбейе түсуде. Айта кетерлігі сол, сұраныс жасаушылар тек қазақстандық мекемелер ғана емес, сондай-ақ, шетелдік компаниялар да бар. Біз оларға арнайы жұмыс киімін тігіп береміз. Соның ішінде Байқоңыр кешенінің ғарыш айлағында жұмыс істейтін мыңдаған адам біздің тіккен киімдерімізді пайдаланатынын мақтанышпен айта аламыз. Жұмыс орны заманауи тігін машиналары және басқа да құрал- жабдықтармен қамтамасыз етілген, – дейді фабрика басшысы.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары, яғни, еліміз нарықты экономикаға көшер алдында облыс орталығында тігін бұйымдарын шығаратын үш фабрика болды. Өкінішке орай, ол фабрикалар алғашқы ауыртпалықтарға шыдас бермей, жұмысын тоқтатқан болатын. Сөйтіп жүздеген тігіншілер жұмыссыз қалды. Осы кезеңде Анатолий жолдастарымен «Озық» серіктестігін ашып, онда жұмыс істеуге бос жүрген тігіншілерді шақырды. Рас, алғашқы кезде олардың кішкентай ғана жерде жұмыс істеулеріне тура келді. Анығын айтқанда, серіктестікті құрушылар 1993 жылы таратылған бұрынғы түрменің ішіндегі моншаны аукцион арқылы сатып алып, оны қолдарынан келгенше жөндеп, тігін цехына айналдырған еді. Бұл цехта алғашқы кезде қаракөл елтірісі өңделді. Шынын айту керек, ол кезде облыстың қой шаруашылығы өркендеп тұрған кезі болатын. Соның ішінде асыл тұқымды қаракөлді табу еш қиындық келтірмейтін. Бірақ, уақыт өте келе сол қой шаруашылықтары да құрдымға кетіп, қаракөл елтірісін өндіру де тоқтап қалды. Шикізаттың жетіспеушілігіне орай серіктестік көп ұзамай арнайы жұмыс киімін тігуді қолға алды. Ол кезде цехта он тігінші, бес тігін машинасы ғана болған. Әрі жұмыс істейтін жердің аумағы бар болғаны жүз шаршы метрді ғана құраған. Бүгінде бәрі де өзгеше. Атап айтқанда, тігін машинасы 200-ден асса, жұмыс істейтін жер үш мың шаршы метрді құрайды. Серіктестік өндіріс алаңын ұлғайтумен қатар, оған қажетті құрал-жабдықтарды да жаңартты. Соның ішінде бір өзі бір бөлмені алып тұрған шетелдік «Норд Феникс» әмбебап тігін машинасының алар орны ерекше. Бұл техника яғни, арнайы бағдарламамен жұмыс істейтін компьютерлік машина кез келген сурет пен ою-өрнекті өзі салып, оны көбейте алады.



Кәсіпорын құрылған кезде онда жұмыс істеуге тартылған бұрынғы мамандар Мәскеу қаласында қайта оқудан өткен. Сөйтіп, тері өңдеу ісіне машықтанған. Серіктестіктің өзі де жұмыс істеу үшін Мәскеудегі «Росмех» институтынан сертификат алған.

Бүгінгі күндері де серіктестік қаракөл елтірісін пайдалана отырып фирмалық киімдер мен бас киімдерді тігуді жалғастырып келеді. Тек тігілетін бұл өнімдерге шикізат сырттан әкелінеді. Өйткені, қаракөлден тігілген киімдер ешқашан сәннен кетпейді. Қайта уақыт өткен сайын оған деген сұраныстар арта түсуде дейді мамандар. Сондай-ақ, бұл кәсіпорында бүгінде қой терісінен тон мен ішік, дубленка секілді сырт киімдер де тігіледі. Негізі кәсіпорын арнайы жұмыс киімдерін тігуге мамандандырылған. Қазір оның мұндағы түрі 120-дан асады. Соның ішінде дәнекерлеушілердің қыста киетін ауыр сырт киімдері мен дәрігерлер мен медбикелерге арналған халаттар секілді арнайы киімнің жылына 12-15 мың данасы тігіледі.

Негізі өнім өндірілген жерде онда жұмыс істейтіндердің әлеуметтік-тұрмыстық ахуалы да жақсара түсетіні белгілі. Бастысы, кәсіпорынның жаңадан заман талабына сай салынған ғимаратында жұмысшылар үшін жылу мен жарық, ауаны тазартып тұратын желдеткіш үзіліссіз жұмыс істейді. Осындай жайлы жерде еңбек ететін тігіншілердің орташа еңбекақысы бүгінде 50-70 мыңның арасы. Бұдан басқа мерекелерде жұмысшыларға сыйақы да беріліп тұрады.

Екімыңыншы жылы аталған серіктестіктің атағы шыға бастады. «Озық» фирмасы – облыстағы жеңіл өнеркәсіп саласындағы нарықтың алғашқы қарлығашы.

**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.**

## АҚШАБҰЛАҚ ГАЗЫ: ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДАРЫ

2000 жылдың қараша айында Қызылордаға Республика Премьер-Министрі Қасымжомарт Тоқаев іссапармен келді. Осы іссапар барысында облыстың әлеуметтік-экономикалық өмірінде маңызды орын алатын мәселе қаралды. Ол Оңтүстік Торғай иінінің ілеспе газын Сыр өңірі халқының игілігіне пайдалану болатын.

Аталмыш сапарға дейін осы мәселенің шешіміне орай бірқатар алғышарттар жасалған еді. Республикалық зерттеу институттары, энергетика, өндіріс және сауда, табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрліктері, инвестиция агенттігі Оңтүстік Торғай иініндегі барлық мұнай операторларымен негізгі келісімге қол қойған болатын. Мұнайшылар газды кешен басында өңдеп, Байқоңыр арқылы Қызылордаға жеткізуді ұсынды. Бірақ үкімет оған келіспей өзінің жобаларын ұсынды. Үкімет жобасы бойынша «Құмкөл» мен «Ақшабұлақ» кеніштеріндегі газды жинақтап, құбыр желісімен Қызылордаға жеткізу көзделді. Өңделген жеңіл газ құбыр арқылы облыс орталығына жеткізіліп, тұрғындардың, сондай-ақ өндіріс орындарының пайдалануына жұмсалады. Бұл Қызылорда өңірінде бизнестің өркендеуіне ықпал жасайтын болады. Сұйық газ, сондай-ақ, республика сұранысына байланысты сатылады. Жобаның жүзеге асырылу құны 164 млн Ақш долларын құрайды. Оның техникалық-экономикалық есеп құжаты тез арада үкімет қарауына берілуге тиіс деп шешілді.

Жоба бойынша көгілдір отын әрбір қызылордалықтың үйіне жеткізіледі. Сондай-ақ, ол №6 жылу орталығы мен ауданаралық жылу орталығында пайдалану және түрлі өндірістік әлеуметтік нысандарды іске қосуға бағытталып отыр. Оның техникалық-экономикалық есебі жасалды. Ішкі газ тарату жүйесін іске қосу үшін 12 млн АҚШ долларына жуық қаржы керек болады. Сапар барысында Үкімет басшысынан осы қаржыға көмек сұралып, оның келісімі алынды.

Премьер-Министр аталған ауқымды жобаға байланысты журналистермен баспасөз мәслихатын өткізді. Ол босқа ысырап болып жанып жатқан ілеспе газды елдің мүддесіне пайдалану қызылордалықтардың тарихындағы зор жаңалық екенін атап көрсетті. Біріншіден, ол Өзбекстан газынан ондаған есе арзанға түседі, екіншіден тұрмыста көмір мен мазутты, электр энергиясын алмастырып, жаңа өндіріс ошақтарын өмірге әкеледі. Сонымен бірге облыстың энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды қадам болып табылады.



Кездесуде облыстың өмірінде маңызды орын алатын бірқатар мәселелер шешімін тапты. Қызылорда ұшақ алаңын қайта жаңғырту, оны халықаралық стандартқа бейімдеу үшін үкімет басшысының сұранысына сәйкес Қызылорда аэровокзалының техникалық жарықтандырылуы мұнайшылардың қаржыландырылуымен жүзеге асырылатын болады.

Сонымен бірге осы сапарда Сырдария өзеніне 1954 жылы салынған су торабының ескіргені айтылып, оның су өткізу қабілеті нашарлағаны атап көрсетілді. Осыған орай Премьер-Министрге жаңа көпір салу мәселесі туралы айтылды. Ұсыныс қабылданды.

Қ.Тоқаевтың осы сапарында сонымен бірге Сыр өңірінің халқына аса маңызды бірқатар мәселелер оңды шешімін тапты.

## "ШАЛҚИЯ" БОЙЫНША КЕЛІСІМДЕР ҚАЙТА ЖАСАЛДЫ

2000 жылы облыстың өнеркәсіп кәсіпорындары 50 млрд теңгеге жуық өнеркәсіп өнімдерін өндірді. Жалпы алдыңғы жылдармен салыстырғанда, Сыр өңіріндегі өнеркәсіптің қадам алысы жақсара бастады. Бірақ ол негізінен мұнай-газ кешеніндегі өнім өндірумен сабақтас болатын. Мысалы, тау-кен өндірісі 1999 жылмен салыстырғанда 2000 жылы өз өнімін 40 пайызға арттырды. Ал тау-кен өндірісінің жалпы өнеркәсіптегі үлес салмағы 94 пайызды құрады.

Сонымен бірге облыста жаңа сипаттағы жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының алғашқы қарлығаштары пайда бола бастады. Олардың қатарында тігін бұйымдарын шығаратын «Озық», «Ісмер» секілді орта және шағын бизнес нысандары пайда болды. «Аралтұз» 2000 жылы 200 млн теңгеге жуық өнім өндірді. Кәсіпорынның өткен жылмен салыстырғандағы өнім көлемі 1,7 есеге артты. Жалпы еңбек рыногындағы күрделі жағдайға қарамастан облыста 420 жаңа жұмыс орны ашылды.



Осы жылы «Шалқия» кен орнын қайтадан іске қосу бағытында біршама оңды қадамдар жасалды. «Рувал» фирмасы «Шалқияға» жаңа технологиялар енгізіп, өнім өндіру жөнінде келісімге келді. Облыс әкімінің «Астана Холдинг» корпорациясымен жасалған келісімі бұзылып, бұл бағытта жұмысты жандандыратын жаңа серіктестер іздестірілді.

ТАЛАПКЕР – 2016

# «СЕРПІН-2050 – СЕНІҢ МҮМКІНДІГІҢ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫҢ»

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен елімізде **«Мәңгілік ел жастары – индустрияға» - «Серпін-2050»** әлеуметтік жобасы 2014 жылдан бері жүзеге асырылуда.

Бұл жоба Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің **«Жастардың кәсіптік және аумақтық мобильдігін арттыру мәселесі»** бойынша оңтүстік облыстардың (*Алматы облысы, Жамбыл облысы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылорда облысы)* жастарын Солтүстік, Шығыс, Батыс Қазақстан өңірлеріндегі университеттер мен колледждерде білім алуына қолдау жасауды мақсат етеді.

Облысымызда бағдарламаны жүзеге асыру үшін облыстық білім басқармасы тарапынан арнайы штаб құрылып, жоғары және кәсіптік-техникалық білім алуға ниет білдірген талапкерлерге қабылдау комиссиясының жұмысын үйлестіру үшін материалдық-техникалық құрал жабдықтармен қамтамасыз етілген оқу орындары белгіленді. (Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 1-оқу корпусы, Қызылорда политехникалық колледжі)

**«Мәңгілік ел жастары – индустрияға»** жобасы аясында соңғы екі жылда 2500 Сыр елінің жастары білім алуда. Ал 2016-2017 жаңа оқу жылына бағдарлама бойынша колледждерге 1050 орын, жоғары оқу орындарына 3162 орын мемлекеттік тапсырыс бөлініп отыр.

**Атап айтқанда, 22 жоғары оқу орны мен 2 медициналық академия бойынша:**

**Колледждер бойынша:**

**«Серпін-2050»** әлеуметтік жобасы бойынша толық ақпарат алу үшін **«SERPIN-2050»** арнайы сайты арқылы және облыстық білім басқармасы 60-54-59, облыстық оқу орталығы 27-02-71 телефондарына хабарласауға болады.

**Қызылорда облысының білім басқармасы.**

**Қызылорда облысында 2016 жылғы 4-9 шілде аралығында «Серпін-2050» мемлекеттік бағдарламасы бойынша үгіт-насихат тобының аудандарда іссапарда болу КЕСТЕСІ**

| № | Аудан атауы | Күні | Өтетін орны | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Арал | 04.07.2016 сағ-16.00 | №262 мектеп-гимназиясы | Дабылов Бөрі 8-72433 2-16-70 |
| 2 | Қазалы | 05.07.2016 сағ-10.00 | Аудандық мәдениет үйі | Қасымова Ақзира 8-72438 2-13-38 |
| 3 | Қармақшы | 06.07.2016 сағ-10.00 | №250 мектеп-гимназиясы | Дүйсенбаев Бауыржан Назарұлы 8-72437 2-21-84 |
| 4 | Жалағаш, | 07.07.2016 сағ-10.00 | Аудандық мәдениет үйі | Жәнібеков Берік 8-72431 3-10-91 |
| 5 | Сырдария | 07.07.2016 сағ-15.00 | Аудандық мәдениет үйі | Мығымбаева Ләззат 8-72436 2-15-07 |
| 6 | Шиелі | 08.07.2016 сағ-10.00 | «Салтанат сарайы» | Жақыпов Нұржан Тәліпханұлы 8-72432 4-14-16 |
| 7 | Жаңақорған | 09.07.2016 сағ-10.00 | Аудандық мәдениет үйі | Ибрагимов Болат Темірбекұлы 8-72435 2-50-43 |

## Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшылығымен жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар өкілдерін қабылдаудың 2016 жылдың 2-жартыжылдығына арналған кестесі

| Лауазымы | Аты-жөні | Қабылдау күні және уақыты | Орналасқан орны | Қызметтік телефоны |
|---|---|---|---|---|
| Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысы | Мұстафаев Серік Жолдасбекұлы | 2016 жылдың 05 шілдесі<br>2016 жылдың 03 тамызы<br>2016 жылдың 07 қыркүйегі<br>2016 жылдың 05 қазаны<br>2016 жылдың 02 қарашасы<br>2016 жылдың 07 желтоқсаны | Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 64 «Г» №401 кабинет | 23-81-14 |
| Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары | Қалдарбеков Мұса Оспанұлы | 2016 жылдың 13 шілдесі<br>2016 жылдың 10 тамызы<br>2016 жылдың 14 қыркүйегі<br>2016 жылдың 12 қазаны<br>2016 жылдың 09 қарашасы<br>2016 жылдың 14 желтоқсаны | Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 64 «Г» №401 кабинет | 23-81-14 |
| Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары | Әбдірахманов Қайыргелді Ибрагимұлы | 2016 жылдың 20 шілдесі<br>2016 жылдың 17 тамызы<br>2016 жылдың 21 қыркүйегі<br>2016 жылдың 19 қазаны<br>2016 жылдың 16 қарашасы<br>2016 жылдың 21 желтоқсаны | Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Ш.Есенов көшесі, 16 | 21-58-27 |
| Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары | Сейтжанұлы Ғани | 2016 жылдың 27 шілдесі<br>2016 жылдың 24 тамызы<br>2016 жылдың 28 қыркүйегі<br>2016 жылдың 26 қазаны<br>2016 жылдың 23 қарашасы<br>2016 жылдың 28 желтоқсаны | Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Ш.Есенов көшесі, 16 | 21-50-88 |

**Қабылдау сағат 15:00-ден 18:00 аралығында жүргізіледі.**
**Қабылдауға жазылу (7242) 23-81-14, 21-58-27, 21-50-88 телефондары бойынша**
**E-mail: obch@taxkzil.mgd.kz; kzl.priemnaya2@kgd.gov.kz**

# АРЗАН БАҒА ҚАЙДА БАР?

**Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ақпараттық-маркетингілік жүйесі арқылы күнделікті негізгі азық-түлік өнімдері бағасына мониторинг жүргізіліп отыр. Нәтижесінде бүгінгі күні ең арзан өнімдерді облыс аудандары мен Қызылорда қаласының төмендегі сауда үйлері мен базарларынан алуға болатындығын хабарлаймыз.**

**Қызылорда қаласы.** «Дәмді» әлеуметтік дүкендерінде күріш - 130, жұмыртқа - 14, бөлке нан - 45, қант - 230, тұз - 45, арпа жармасы - 140, тары - 140, сары май - 450, өсімдік майы - 365, 1 сұрыпты ұн кг - 85 теңгеден сатылуда. «Мирас» сауда үйінің ауласында орналасқан қоймада картоп кг - 105, пияз кг - 70, сәбіз кг - 110, қырыққабат - 5, қызылша - 90 теңге.

**Арал ауданы.** Арал қаласының жеке кәсіпкері С.Саяновтың «Саян ата», «Қуантқан» дүкендерінде күріш - 180, картоп - 100-110, пияз - 85-90, сәбіз - 130, қырыққабат -70, жұмыртқа - 18, 1 сұрыпты ұн кг - 85, «Алтай» базарының жанындағы жеке кәсіпкер Р.Көшербаеваның дүкенінде картоп - 100, пияз - 100, сәбіз - 130, қырыққабат - 60 теңге.

**Қазалы ауданы.** «Әлеуметтік сауда дүкені» қант - 235, сиыр еті - 1100, қой еті - 1200, күріш - 165, жұмыртқа - 17, қарақұмық жармасы - 350 теңге. «Фея перизат» сауда үйінде қырыққабат - 50, пияз - 80, картоп - 100, сәбіз - 100, қызылша - 130 теңге.

